

«Жолда жүру ережесін» түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру туралы іс-шаралар ақпараты

4.09.2023 ж. күні оқу жылы басында оқушыларға жолда жүркі ережелері, жол тәртібі, бағдаршамнан өту тәртібі туралы мектеп инспекторы Мадмарова Айгүл бастауыш сынып 2 «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Ғ», «Д», «Е», «Ж». 4 «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Ғ», «Д», «Е» оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



20.10.2023ж. күні «Жолда жүру ережесі» бойынша мамандандырылған батальон патрульдік полиция қызмет аға инспекторы полиция капитаны Мухаммедин Рауан Айдынович келді. 7-8 сынып оқушыларымен лекция сабағын жүргізді.

- Қалай ойлайсыздар, жолда жүру ережесі деген не?
 - Жолда жүру ережесі қайткенде бұзылады?
 - Жол тәртібі бұзылса не болатыны туралы білесіздер ме?
 - Ол үшін не істеуіміз керек? – деген сұрақтардан басталды.
- Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудыратынын, жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, ролик тебетіні, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып кететіндігі салдарынан бұзылатындығы туралы айта отырып, арнайы жолда жүру шартты белгілермен таныстырды. Сөз соңы «Абайлайық, балалар, өз өміріңізге қауіп төндірмеңіз!» ескертуімен аяқталды.



07.11.2023ж. күні «Жолда жүру ережесі» бойынша Есіл аудандық мамандандырылған батальон патрульдік полиция қызмет аға инспекторы полиция аға лейтенанты Орынғазы Құндыз Ерболұлы келіп, 4, 8, 9-сынып оқушыларымен жолда жүру ережесі, самокатпен жүру, әлеуметтік желіде қазақстандық балалардың арасында көлік жолына жүгіріп шығатын жаңа ойын пайда болғаны туралы ақпарат тарап кеткендігі туралы, қауіпсіздіктің алу алу шаралары туралы айтылды. Самокат жүргізушілеріне жаяу жүргіншілер жолымен қозғалуға тыйым салынғанын, сондай-ақ, оларға рульді бір қолмен ұстауға, жолаушыларды тасымалдауға, ұзындығы елу сантиметрден немесе ені габариттік өлшемнен асатын жүктерді алып жүруге болмайтындығын ескертті. Түнде, кешкілік уақытта ата-анасыз көшеде жүрмеуін, бейтаныс адам шақырса немесе күдік тудырған жағдайда бірден ата-анасына айтуды ұсынды.



15.12.2023ж. күні Есіл аудандық полиция басқармасының лейтенанты, мектеп инспекторы Орынбек Ерболат Берикович 8 «Ә», «Б», «В», «Ғ», «Е», «Ж», «З», «И», «К» сыныптарымен оқушыларымен кездесіп, сабақтан кейін оқушылардың бос жүрмеуін, кешке үлкендерсіз сыртқа шықпауын, қайда жүргендерін ата-анаға ескертіп отыруын, мектеп ішіндегі оқушылардың бір-біріне дөрекі сөйлеу, кішіге әлімжеттік көрсетпеу, ұрлық, түнгі жүру тәртібі, электрондық темекі және т.б. мектеп оқушысына жат қылықтар көрсетпеуін айтып өтті.

